

әл-Фараби атындағы Қазақ Үлттық университеті  
Ақпараттық-технологиялар факультетінің  
6D070300 – Ақпараттық жүйелер мамандығының докторанты  
ШОРМАКОВА АСЕМ НОЯБРЕВНАНЫҢ  
«Ағылшын тілінен қазақ тіліне машиналық аударманың пост-редакциялау  
ұлгілерін, әдістерін және программалық құралдарын зерттеу және өндөу»  
тақырыбында жазылған философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
дайындалған диссертацияға

## ПКІР

Табиғи тілді өндөу – жасанды интеллекттің алдыңғы қатарлы бағыттарының бірі. Бұл бағыт интерактивті ақпараттық жүйелердің құрамдас бөлігі болып табылады. Табиғи тілді өндөудің маңызды бағыттарының бірі - машиналық аударма. Соңғы жылдары нейрондық технологиялардың қолданатын машиналық аударма сапасы айтарлықтай өсті, бірақ кәсіби аудармашылардың аудармасының сапасына әлі жеткен жоқ.

Машиналық аударманың сапасын арттыру бағыттарының бірі автоматты постредакциялау жүйелері (Automatic Post Editing – APE).

Шормакова А.Н. диссертациясы ағылшын тілінен қазақ тіліне машиналық аударудың автоматты постредакциялау жүйесінің ұлгілерін, әдістерін және технологиясын зерттеуге арналған.

Диссертацияда келесі нәтижелер алынды және олардың ғылыми жаңалығы:

- 1) Ағылшын тілінен қазақ тіліне машиналық аударма үшін автоматты постредакциялау жүйесі өзірленді. Ағылшын-қазақ тілдер жұбы үшін автоматты постредакциялау жүйесінің технологиясы алғаш рет ұсынылып отыр.
- 2) Қазақ тіліндегі мәтіндер үшін қате аударылған сөздерді автоматты түрде табу тәсілі жетілдірілді. Бұл нәтиженің жаңалығы – аударма жадының орнына кері аударма әдісін қолданып, қате аударылған сөздерді табу әдісінің жетілдірілуінде, бұл мәселені шешуге кететін шығынды айтарлықтай төмендетеді.

3) Қате аударылған сөздер үшін автоматты түрде жасалатын синонимдер каталогы әзірленді. Бұл нәтиженің жаңалығы – қазақ тіліндегі қате аударылған сөздердің синонимдерін автоматты түрде құру технологиясын жасаудыңда. Бірінші рет жасалынып жатыр.

4) Қате аударылған сөздердің синонимдерінің көп мағыналылығын шешудің семантикалық текше әдісі бейімделді. Бұл нәтиженің жаңалығы – қате аударылған сөздердің синонимдерінің көп мағыналылығын шешудің семантикалық текше әдісінің моделі мен алгоритмін жетілдіруде.

Ғылыми нәтижелердің практикалық маңыздылығы – ағылшын тілінен машиналық аударма арқылы алғынған қазақ тіліндегі мәтіндерді автоматты түрде постредакциялау прототиптік жүйесін құру болып табылады. Ғылыми нәтижелердің теориялық маңыздылығы – ағылшын тілінен қазақ тіліне машиналық аударманы автоматты түрде постредакциялау саласында жаңа нәтижелерге қол жеткізу. Алғынған нәтижелердің сенімділігін тәжірибе нәтижелері және шетелдік пен отандық ғылыми басылымдардағы жарияланымдар көрсетеді.

Шормакова А.Н. диссертациясының ғылыми нәтижелерін алуда жоғары дербестігін атап өткен жөн.

Корғауға ұсынылған диссертацияның ұстанымдары тәжірибе нәтижелерімен және оларды машиналық аударма жүйелерінің аналогтарымен салыстырумен дәлелденді.

Ғылыми жұмыс барысында 14 мақала жазды, оның ішінде: бір ғылыми мақала Scopus базасында индекстелген журналда жарық корген.

Жалпы, Шормакова Асем Ноябревнаның «Ағылшын тілінен қазақ тіліне машиналық аударманың пост-редакциялау үлгілерін, әдістерін және программалық құралдарын зерттеу және өндіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 6D070300 – Ақпараттық жүйелер мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға сай келеді, ал авторы Шормакова Асем Ноябревна 6D070300 – Ақпараттық жүйелер мамандығы бойынша PhD дәрежесін алуға лайық.

Отандық ғылыми жетекші доктор профессор

У.А. Тукеев

